



БҰЙРЫҚ

А.А. М. О.А. М.А.М.

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 112

город Караганда

Қарағанды облысының
жалпы орта білім беру ұйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 жылғы № 235 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысы білім басқармасының білім бөлімдеріне:

1) 2021 жылғы 1 ақпаннан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1 - сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 1-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

✓ 2) 2021 жылғы 3 ақпаннан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 2 - сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2. Қарағанды облысы білім басқармасының білім бөлімдеріне:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу

қағидалары (бұдан әрі мәтін бойынша-Қағидалар) шеңберінде ыстық тамақтандыру ұйымдастырылсын.

2) Ереженің 2-тарау 2-тармағының 22-тармақшасына сәйкес білім алушылардың жасына байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін. Перспективті мәзірді бекіту кезінде осы бұйрықтың 1, 2-қосымшаларға сәйкес 1-2 - сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан 1-11 - сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген бірыңғай ас мәзірі ұсынылсын.

3. Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

✓ 4. Қарағанды облысы білім басқармасының 2021 жылғы 27 қаңтардағы № 94 «Қарағанды облысының орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы» бұйрықтың күші жойылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының жетекшілік ететін орынбасары Б. Адекеноваға жүктелсін.

Қарағанды облысы
білім басқармасының
басшысы



Г. Қожахметова